

Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 7 желтоқсан N 1390. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.19. N 1783 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлері шегінде 55 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге

орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетіне төрағаның 2 орынбасарын, сондай-ақ 7 адамнан тұратын алқа ұстауға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің орталық аппараты үшін қызметтік 3 жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

Қазақстан Республикасы

Премьер-министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 7 желтоқсандағы

N 1390 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық

аппаратының

Құрылымы

Басшылық

Құқықтық және ғылыми-техникалық қамтамасыз ету бөлімі (жетекші)

Қаржы-экономикалық қамтамасыз ету бөлімі

Бухгалтерлік есеп және жиынтық баланс бөлімі

Жерді пайдалануға мемлекеттік бақылау жасау бөлімі (жетекші)

Жерге орналастыру бөлімі (жетекші)

Жер кадастры бөлімі (жетекші)

Жер құнарлылығы және мониторингі бөлімі

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімі

Іс басқармасы